

**№19 Б. Майлин атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп
клубының 2021-2022 оқу жылына
арналған іс-құжаттар папкасы**

2021-2022 оқу жылы

№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұйрығы

№ 142

31.08.2021ж.

«Адал ұрпақ»ерікті мектеп
клубын құру туралы.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, Түркістан облысы білім басқармасының «Түркістан облысының әдістемелік кабинетінің» 24.11.2016 жылғы № 119 санды хатына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Рухани – адамгершілік және азаматтық - патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру үшін «Адал Ұрпақ» ассоциациясы құрылсын.
2. Мектеп қабырғасында тәрбие жұмысын ұйымдастыруға жәрдемдесетін және қатысатын «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылсын.
3. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубтары төменгі бағытта секциялар
4. арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етілсін.
 - А) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім
 - Ә) сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық
 - Б) мәдени – бұқаралық көпшілік іс-шаралар

Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды ДТІЖО Қ. Налиев пен М.Бижигитоваға жүктелсін.

Мектеп директоры:  К. Оралова

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 К. Оралова
3.09.2021

№19 Б. Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу жылында рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Тұжырымдамалық тәрбиелеу негіздеріне сәйкес дайындалған және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балаларға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы тәрбиелік іс-шаралар ұйымдастыруды қамтитын тәрбие жұмысын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері

1. Осы бағдарламаның мақсаты мектепке аса өнегелі, жауапты бастамашыл және әлеуметтік құзырлы азаматты және патриотты қалыптастыру үшін жағдай жасау.
2. Көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі міндеттер қойылады:
 - а. Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру;
 - б. Оқушылардың мемлекеттік билік институттарына сенімін арттыру;
 - с. Оқушылардың саяси-құқықтық білімін қалыптастыру;
 - д. Оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру;
3. Кешенді іс-шаралар өткізу үшін келесі тәрбиелеу түрлері қолданылады;
4. 1. Адамгершілік тәрбиелеу моральдық – этикалық өағидаларын қалыптастыруға, әр оқушының сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру бағытталған;

4.2. Әлеуметтік – құқықтық тәрбиелеу азамат және мемлекет арасындағы қарым қатынастардың мәні туралы түсінік алуға, құқықтармен міндеттер туралы білім алуға, құқықтық нормаларды сақтауға қажеттілігіне көз жеткізуге, сыбайлас жемқорлық қоғамдық қауіпін түсінуге бағытталған;

4.3. Эстетикалық тәрбиелеу оқушылардың эстетикалық талғамын және қоршаған ақиқатқа мейірімді және патриоттық көзқарасын тәрбиелеуге жәрдемдесетін оқушылардың өнер, әдебиет туындыларының көркемділігін түсінуін дамытуға бағытталған;

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

K.Оралова

31.08.2021

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2021-2022 оқу жылына арналған оқушылар арасында сыбайластық жемқорлықтың алдын-алу мәдениетін қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубының іс-шаралары

ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралардың атауы	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар
I бөлім				
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді ұйымдастыру				
1	«Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубы қызметін ұйымдастыру	Қыркүйек	9-11 сыныптар	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
2	Мектеп тәрбиелеушілік жұмысы жоспарын, сынып жетекшілер жұмысының жоспары, «Адал ұрпақ» ерікті мектепшілік клубының жұмыс жоспарын бекітуге ұсыну	Қыркүйек	1-11 сыныптар	ДТЖО Тәлімгер
3	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының ант қабылдау рәсімін өткізу.	Қыркүйек	1-11 сыныптар	ДТЖО Тәлімгер Сынып жетекшілер
4	Үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын құру.	Қыркүйек	1-11 сыныптар	Кітапханашы
5	Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін жоғарылатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттарын өткізу.	Қыркүйек	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
6	Құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтың алдын-алу мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы сынып, ата-аналар жиналысын өткізу.	Қыркүйек Қазан	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
7	ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын насихаттау.	Қаңтар	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер Мектеп әкімшілігі
8	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы	Наурыз	5-11 сыныптар	Педагог-

	күрес туралы білім деңгейін анықтау мақсатында мектеп оқушыларының арасында сауалнама жүргіз.			психолог
--	---	--	--	----------

II бөлім

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық жұмастар

9	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікір сайыс	Қыркүйек	9-11 сыныптар	Тәлімгер сынып жетекшілер
10	«Қазақстан – құқықтық мемлекеттік» тәрбие сағаты	Қазан	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
11	Елдің сайлау құқығы ұстанымына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік – ролдік ойын өткізу.	Қазан	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
12	«Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным» тақырып бойынша мемлекеттік қызмет ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру.	Қазан	1-11 сыныптар	Тәлімгер
13	«Біздің таңдауымыз құқықтық мемлекет» атты дөңгелек үстел	Қараша	9-11 сыныптар	Пед ұйымдастырушы
14	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы.	Қараша	5-6 сыныптар	Бейнелеу үйірме жетекшісі Г.Жумадилова
15	«Мемлекеттік қызметті алу туралы» іскер ойын	Желтоқсан	5-8 сыныптар	Сынып жетекшілер
16	«Сыбайластықтың, жемқорлықтың, құқықбұзушылықтың картасы»	Қаңтар	9-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
17	Сананы, намысын, адамгершілікті, жауапкершілікті насихаттау жұмыстары.	Ақпан	1-4 сыныптар	Сынып жетекшілер
18	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» эссе байқауы	Наурыз	9-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
19	«Сыбайлас – жемқорлықтың зардабы» бейнероликтер көрсету.	Сәуір	9-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
20	«Жемқорлық балалар көзімен» атты сурет байқауын өткізу.	Мамыр	2-5 сыныптар	Бейнелеу үйірме жетекшісі Г.Жумадилова

III бөлім

Мәдени-көпшілік іс-шаралар

21	«Қазақстан-құқықтық мемлекет» мектепішілік конференция өткізу	Қыркүйек	9-11 сыныптар	ДТІЖО Сынып жетекшілері
22	«Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» тақырыбы бойынша	Қазан	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар	Тәлімгер сынып

	мемлекеттік қызмет арадагерлермен, мемлекеттік қызметкерлермен кездесу		9-11 сыныптар	жетекшілер
23	«Біздің таңдауымыз-құқықтық мемлекет» атты дөңгелек үстел өткізу	Қараша	56 сыныптар	Сынып жетекшілер
24	«Сыбайлас - жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында флешмоб өткізу	Желтоқсан	9-11 сыныптар	Пед.ұйым-ы
25	«Адал ұрпақ» еріктілер клубының жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру атты акция өткізу	Наурыз	9-11 сыныптар	ДТДЖО сынып жетекшілері
26	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар туралы деректерден «Жемқорлық жегі құрт» атты дөңгелек үстел өткізу	Сәуір	9-11 сыныптар	Тәлімгер сынып жетекшілер
27	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Тәуелсіз Қазақстан» туралы слайдтар дайындау	Мамыр		Тәлімгер

ДТДЖО:

Қ.Налиев

Тәлімгер:



Т. Имамбердиева

Бекітемін
Мектеп директоры
К.Орлова

3.08.2021

№19 Б. Майлин жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
оқушыларында сыбайлас жемқорлықтың алдыналу мәдениетін
қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» еріктілер клубының
2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

№	Шаралардың атауы	Мерзімі	Қатысушылар	Жауаптылар
1 бөлім.				
Ұйымдастырушылық-дайындаушылық іс-шаралар				
1	«Адал Ұрпақ» ерікті мектепшілік клубы қызметін ұйымдастыру	Қыркүйек	9-11	ДТДЖО: Қ.Налиев сынып жетекшілер
2	Мектеп тәрбиелеушілік жұмысы жоспарын, сынып жетекшілер жұмысының жоспары, «Адал Ұрпақ» ерікті мектепшілік клубының жұмыс жоспарын бекіту	Қыркүйек	1-11	ДТДЖО: Қ.Налиев
3	Үнемі жаңартылатын «Парасатты азамат» бұрышын құру	Қыркүйек	1-11	ДТДЖО: Қ.Налиев тәлімгер Т. Имамбердиев сынып жетекшілер
4	Оқушылардың адамгершілігі мен құқықтық мәдениетін Жоғарлатуға бағытталған тақырыптық сынып сағаттары	Қыркүйек	1-11	ДТДЖО, Сынып жетекшілер
5	Құқықтық тәрбиелеуде және құқықбұзушылықтың алдын алу Мәдениетін соның ішінде сыбайластық жемқорлық қалыптастырудағы отбасының ролі туралы сыныптың ата-аналар жиналысы	Қыркүйек - қазан	1-11	ДТДЖО: Қ.Налиев Сынып жетекшілер

Күнтізбелік-шаралар жиынтығын жүзеге асыру

6	«Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас практикумы	Қыркүйек	9-11	ДТІЖО: Қ. Нәліев сынып жетекшілер
7	«Қазақстан – құқықтық мемлекет» айлығы: Елдің сайлау құқығы ұстанымына сәйкес «Сынып басшысын сайлау» сюжеттік-рольдік ойын «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» тақырып бойынша Мемлекеттік қызмет ардагерлерімен, мемлекеттік қызметкерлермен кездесу «Біздің таңдауымыз – құқықтық мемлекет» құқықтық Мемлекеттің қызмет атқаруының базалық ұстанымы, біздің елде құқықтық Мемлекеттің қызмет атқару ерекшелігі туралы дөңгелек үстел	Қазан	1 – 4 5 – 8 сыныптар 9 – 11 сыныптар	ДТІЖО: Қ. Нәліев Сынып жетекшілер
8	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты оқушылар арасында сурет байқауы	Қараша	1 – 4 сыныптар	ДТІЖО: Қ.Нәліев Сынып жетекшілер
9	«Мемлекеттік қызметті алу туралы» іскер ойын	Желтоқсан	5 – 8 сыныптар	ДТІЖО: Қ. Нәліев Сынып жетекшілер
10	«Жемқорлық құқықбұзушылықтардың картасы» атты жобалар байқауы	Қаңтар	9 – 11 сыныптар	ДТІЖО: Қ. Нәліев Сынып жетекшілер
11	Сананы, намысын, адамгершілікті, жауапкершілікті және басқаны да насихаттауға бағытталған театрлық қойылым	Ақпан	1 – 4 сыныптар	ДТІЖО: Қ. Нәліев Сынып жетекшілер
12	«Мемлекеттік қызмет - елдің	Наурыз	5 – 8	ДТІЖО: Қ. Нәліев

	мүддесіне адал еңбек» эссе Байқауы		сыныптар	Сынып жетекшілер
13	«Транспарентті және есеп беретін мемлекет» бейнероликтер Байқауы	Сәуір	9 – 11 сыныптар	ДТІЖО: Сынып жетекшілер

Клуб жанында 3 секция жұмыс істейді.

1. Жемқорлыққа қарсы білім секциясы - дәрістер, дөңгелек үстел және басқа да ағарту шараларын ұйымдастыруға қатысады;
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясы - бейнероликтер мен сурет байқауын өткізуге ұйытқы болады;
3. Мәдени-көпшілік іс-шаралар секциясы-флеш-мобтар дайындап, қоғамдық ұйым өкілдерімен кездесулер өткізеді.

Түзген:

ДТІЖО: Қ. Налиев



Тәлімгер: Т. Имамбердиев

Бекітемін:
Мектеп директоры
 К.Оралова

Келісемін:
ДТЖО:  К. Налиев

№19 Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2021-2022 оқу жылында құрылған мектепшілік ерікті «Адал ұрпақ» клубының жұмыс жоспары.

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Сынып	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубын ұйымдастыру	Мектеп басшысы, сынып жетекшілердің, мектеп қызметкерлерінің, пен мүғалімдерінің, оқушылардың көмегімен «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубын құру	8-10	Қыркүйек	Тәлімгер Т. Имамбердиев
2	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарын құру, бекіту	«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жоспарында нақты өткізілетін іс-шаралардың тақырыптары мен оларды өткізуге жауаптылар, іс-шараларға қатысатындар мен оларды өткізу мерзімдерін көрсету	8-10	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілері
3	«Патриотты азамат» бұрышын ұйымдастыру	Бұрыштың басты мақсаты - азаматтық патриоттық тәрбие беру, кез - келген адамның құқығын, бостандығын және міндетін құрметтеу, адамгершілік қасиет пен этикалық сананы қалыптастыру, жемқорлықты қабылдамау, шығармашыл қарым қатынасты қалыптастыру	8-10	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілері
4	Сынып саяғаттарының тақырыптық жоспарына адамгершілік және құқықтық тәрбие бағытындағы тақырыптарды енгізу	Ар-ұят, абырой, жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты адамгершілік және құқықтық мәдениетке баулу	1-4	Жыл бойы	Тәлімгер Т. Имамбердиев Сынып жетекшілер
		Патриоттық өз отаны үшін мәдениетін, еңбек сүйгіштік тәрбие, өмірге, еңбекке, білімге деген мақтанш, қотамдық тәртіпті сыйлау, еңбек сүйгіштік, жауапкершілік, тәртіптілік, құқықтық негізді білу және құрметтеу қасиеттерін дамыту, сыбайлас жемқорлыққа тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымды қалыптастыру	5-8	Жыл бойы	Тәлімгер Сынып жетекшілер
5	Сыбайлас жемқорлық және сыбайлас жемқорлықтың	Жоғары сынып оқушыларын сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу үшін олардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы берік ұстанымды қалыптастыру	9-10	Жыл бойы	Тәлімгер Сынып жетекшілер

6	«Қоғамдық тәртіп негізін деңгейіне үлестіріп»	Психологтар откізу арқылы оқушылар тәжірибе бойынша өз пікірлерін ортаға салады. Қоғамдастармен бөліседі. Оқушылар «Тәртіпсіздікке нәтиже шығармады» мәдениетін қотамда қалыптастырудың негізгі маңызды екендігі туралы ойларын ортаға салады. «Сыбайлас жемқорлық қотамның мемлекеттік қызметкерлерге деген сенім жоғалдытып тіпте тиек етеді. Бұны болдырмау үшін әркім не істей алады?» Сыбайлас жемқорлыққа мемлекет қандай болады деген тақырып көтеріледі.	8-10	Қарсы	Тәлімгер Сынып жетекшілер
7	«Құқықтар құқықтық мемлекет» айналы	«Сынып басшысын сайлау» откізу арқылы әр оқушының бойында үлкен дауыскершілік сезімдерін ояту	8-10	Қарсы	Тәлімгер Сынып жетекшілер
		«Мемлекеттік қызмет - өмірлік ұстаным» тақырыбы бойынша мемлекеттік қызметкерлердің жұмысы туралы мәлімет жасау (келісу откізу)	8-10	Қарсы	Тәлімгер Сынып жетекшілер
		«Біздің тандуымыз - заңды мемлекет» атты доңгелек үстел барысында құқықтық мемлекеттің жұмыс істеуін базалық принциптері туралы және біздің елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудың ерекшеліктері туралы біліту	8-9	Қарсы	Тәлімгер Сынып жетекшілер
8	«Біздің тандуымыз заңды мемлекет» доңгелек үстел	«Мәңгілік Ел» жатпы азаматтық құндылықтарын насихаттау. Заң аясында барлығының тең екендігін үйрету, еңбек сүйгіштікке, адалдықа тәрбиелеу	8-9	Қарсы	Тәлімгер Сынып жетекшілер
9	«Мемлекеттік қорсетілетін қызметті алу» іскерлік ойын	Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының жұмыстарының маңыздылығы мен тиімділігі туралы біліту. Мемлекеттік қызмет көрсетудің қыр-сауын ұғындыру	9-10	Жетпесем	Тәлімгер Сынып жетекшілер
10	«Жемқорлықпен қандай күресеміз» пікір-сайлас	Ар-ожданлы, жауапкершілікті, мейірімділікті, адалдықты, әділдікті насихаттайтын қойылым қою арқылы балалардың бойында жақсы қасиеттер қалыптастыру.	8-10	Ақпан	Тәлімгер Сынып жетекшілер
11	«Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы	Өзгелен ұрпақа мемлекеттік қызметті түсіндіру оның мақсаты әр азаматқа қатыпқанды қызмет ету екендігін түсіндіру	8-9	Наурыз	Тәлімгер Сынып жетекшілер

Дайындаған:



Тәлімгер Т. Имамбердиева

№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін орта
мектебі коммуналдық мемлекетті мекемесіндегі

**«Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы
күрес баршамызға
ортақ іс»**

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс»

Мақсаты: Білімгерлерге "Сыбайлас-жемқорлық" деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Білімгерлерді Елбасымыздан үлгі алуға, патриоттылыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ел жандылыққа, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Тәрбие сағатының өткізілу реті.

1. Ұйымдастыру кезеңі. Оқушыларды сабақтың мақсатымен таныстыру.

Мұғалімнің кіріспе сөзі: Жемқорлық (лат. *corruptio* - сатып алу) — мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің құрт асқынуына ұрындырады.

2. Баяндама «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс»

3. Ситуациялық жағдай жемқорлықтың алдын алу / импровизация/

4. Ой толғау: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мен қандай үлес қоса алам...»

5. Қорытынды: Біздің еліміз демократиялы ел болу жолында қызмет етіп келеді. Ал демократиялы елде жемқор болуы мүмкін емес. Біздің еліміз дамыған отыз елдің қатарына жету жолында күресіп, сол жолда еңбек етіп келеді. Ал дамыған елдің сана сезімі жоғары, басқа елдерге үлгі болып келеді. Біздің қазақ елі тәуелсіз елдер ішінде көш бастап келеді. Сондықтан да біздің елімізді дүниежүзі танып, ықыласын білдіруде. Жемқор жайлаған елді дүниежүзі мойындамайды, сенім артпайды. Жемқор-жаман әдет. Халықтың байлығын қалтасына басып, елден ерекше көрінуге тырысады. Сол жолда қандай зұлымдық істер болса да тайынбайды. Өзінің әшкере болатынын, жазасын алатынын сездейді-ау деймін. Мен теледидардан жемқорлардың жазасын алып жатқанын естігенде: «Обалы жоқ, бұлардан үлгі алуға болмайды»-деп ойлаймын. Ойымды қорытындылай келе былай демекпін:

Жемқор болма ағайын, Жаза алдың талайын.

Жаман әдет жайлаған, Үлгі қалай алайын.

Ұатынменен бірге бол, Бөлінсен егер соғын мол.

Тәрбие сағатының өткізілу реті.

1.Ұйымдастыру кезеңі. Жемқорлық (лат. *corruptio* - сатып алу) —

мемлекеттік басқару құрылымдарындағы лауазымды қызметкерлердің өздеріне тапсырылған қызмет мүмкіндіктерін жеке бастарының пайдасы мен мүддесі үшін пайдалану мақсатында жасаған қоғамға қауіпті қылмыстық іс-әрекеттері. Жемқорлықтың жалпылама белгілері: лауазымды адамның өзінің немесе делдал арқылы пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлік құқығы немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде пара алу, туыстық, жерлестік, т.б. жақындықтарына байланысты қызметке ретсіз қабылдау және көтермелеу, сондай-ақ, мемлекеттік және қоғамдық мүліктерді талан-таражға салу. Мемлекетте жемқорлықтың бел алуы көлеңкелі экономиканың пайда болып, экономикалық өсу қарқынының тежелуіне және әлеуметтік, саяси шиеленістердің күрт асқинуына ұрындырады. Сонымен қатар жоғары лауазымды мемлекеттік қызметкерлер жаппай жемқорлыққа салынған жағдайда құқық қорғау органдары оларды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тарта алмайтын жағдай қалыптасады. Жемқорлық жасалу түрлеріне қарап екіге бөлінеді: жекелеген лауазымды қызметкерлер жасаған қылмыстық іс-әрекет және бірнеше лауазымды қызметкерлер бірігіп жасаған қылмыстық іс-әрекет (қысқаша Сыбайлас жемқорлық). 1989 жылы әлемнің дамыған 37 мемлекеті халықаралық бизнестегі жемқорлыққа қарсы күресу туралы конвенцияға қол қойды. Қазақстан осы конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заң қабылдады. Қазақстан әлі сыбайласқан жемқорлық деңгейі өте жоғары елдер қатарында. Бұл әлем елдеріндегі сыбайласқан жемқорлық деңгейін анықтайтын Transparency International ұйымының 2008 жылғы қорытынды есебінде көрсетілген.

Қазақстанда зерттеулер 1999 жылдан бастап жүргізіле бастады. Егер сол кездегі елдегі сыбайласқан жемқорлық деңгейін (кестені қараңыз) алсаңыз, 2008 жылғы көрсеткіштен айырмашылығы аз. Қазақстанда сәл ілгерілеу болғанымен, индекс (2,2-2,8 балл) әлі төмен. Сыбайласқан жемқорлықтан арылған мемлекетте индекс 10 балды көрсетеді. Сол себептен, Қазақстан ең құрығанда 5 балл алуға ұмтылуы керек. Ал индексі 3 балға дейінгі кез келген елде сыбайласқан жемқорлық деңгейі өте жоғары болып есептеледі.

Қазақстанда жемқорлық деңгейі өте жоғары салалар

- Білім беру саласы. Бұл бағытта ешкімді жауапқа тартпайды.
- Денсаулық сақтау саласында да заңнама реттелмеген. Сыбайласқан жемқорлық болмаса да, өз қызметін пайдалану фактілері көп.
- Пәтер иелері кооперативтеріне қатысты да шағым жиі түседі.
- Соттардағы және кедендегі сыбайласқан жемқорлық деңгейі де әлі жоғары.

2. Баяндама «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс»

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ.

Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жокқа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және әшкерелеу үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілеті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңын сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті деп көрсетілген. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтармен айналысуының негізгі себептері мыналар болып табылады: - мемлекеттік қызметшілердің құқықтық білім дәрежесінің төмен болуы; -құқық бұзушылыққа немқұрайды қарайтын, қызметтік тәртібі төмен кейбір мемлекеттік органдар; -кейбір мемлекеттік қызметшілердің мемлекет мүддесін емес, өзінің жеке басының жайын күйттеуі; -кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы заң талаптарын орындау жөніндегі жұмысының мардымсыздығы; Әрине, сыбайлас жемқорлық сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, өзге сау органдарын шырмап, тыныс-тіршілігін тарылтатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны емдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын біліп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек. Ол үшін бұл ауруға қоғам болып қарсы тұруымыз қажет. Яғни бұқара көпшілік тарапынан сыбайлас жемқорлық көрністеріне қолдан келгенше тосқауыл қойылып, қолында билігі бар азаматтар осы жолда өзгелерге үлгі болуы тиіс. Сонда ғана халық сенімінің үддесінен шығатынымыз сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық қылмыстардың белгісімен іс қозғаудың бір негізі-азаматтардың арызы. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті, Қандай да болмасын «қолы да, жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып, тұрасын айтып, әділдікке жүтінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, еңсесі биік 50 мемлекеттің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып-парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

3. Ситуациялық жағдай жемқорлықтың алдын алу / импровизация/

Білімгерлер жағдайды өздері құрастырады, м: білімгер- оқытушы, басшы- қызметкер

4. Ой толғау: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мен қандай үлес қоса алам...»

5.Қорытынды: Шын мәнінде қара басының қамын ойлайтын жемқорлардың халықпен, елмен ісі болмайды. Олардың алдында бір ғана мақсат тұр. Ол-баю, елден ерекше көріну, төмендегілерге салғырт қарау, жоғарғыларға жалбарыну. Ондай адамдар «мен кімнен кеммін, ана жоғары, лауазымды адамдар қатарында неге болмаймын. Енді не істеймін керек? Бай болсам, қалтам қалың болса беделім өсіп, жұрт көзіне түсер едім»-деп ойлайды. Ондай санасы тайыз ойлы адамдар өз қарамағындағыларды менсінбейді. Оларға «жердеме» жасамақ болып, пара дәметеді. Жемқорлар осындай жолдармен пайда болады. «Жемқор-індет, оны жою міндет»-деп еліміздің саналы, сауатты адамдары одан бойын аулақ ұстауға тырысады. Осы жолда президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев төрағалық етіп отырған «НұрОтан» партиясы аянбай күрес жүргізіп келеді. Жемқор адамдарды халық алдында әшкерелеп, жазасын беруде. Бірақ ол жеткіліксіз. Олардың көзіне түспей, жалтарып кетушілерді баршылық. Сондықтан халық болып жұмылып, олардың жолын кесу керек. Ол үшін халықтың бірлігі, ынтымағы қажет. Халықта мақал бар: «Берекелі болса ел-жағасы жайлау ол бір көл, берекесіз болса ел-құлазыған ол бір шөл». Елдің бірлігі қашанда жеңіске жетеді. «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарса жеңіске жететініміз анық. Қазірде үкіметіміз осындай бірлікке шақыруда. Құдайға шүкір, біздің еліміздің бірлігі берік, ынтымағы жоғары. Ел басымыз Нұрсұлтан Назарбаев халықтың бірлігін әруақытта мақтан етіп, ризашылығын білдірген сөздері дәлел. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл»-дейді халық. Сондықтан ұйымдасып жемқордың жолын кесіп, олардың өріс алуына жол бермеу қажет. Бұл жолда жастардың орны бөлек. Қоғам алға даму үшін жастардың ынтымағы, қайрат-жігері қажет. Қоғамды алға апаратын-жастар! Келешек жастар үшін қызмет атқарып, оларға сенім артады. Үкіметіміз: «Біз жастарға сенеміз»-деп жастардың әртүрлі ұйымдарына қолдау білдіріп, келеді. Біздің еліміз демократиялы ел болу жолында қызмет етіп келеді. Ал демократиялы елде жемқор болуы мүмкін емес. Біздің еліміз дамыған отыз елдің қатарына жету жолында күресіп, сол жолда еңбек етіп келеді. Ал дамыған елдің сана сезімі жоғары, басқа елдерге үлгі болып келеді. Біздің қазақ елі тәуелсіз елдер ішінде көш бастап келеді. Сондықтан да біздің елімізді дүниежүзі танып, ықыласын білдіруде. Жемқор жайлаған елді дүниежүзі мойындамайды, сенім артпайды. Жемқор-жаман әдет. Халықтың байлығын қалтасына басып, елден ерекше көрінуге тырысады. Сол жолда қандай зұлымдық істер болсада тайынбайды. Өзінің әшкере болатынын, жазасын алатынын сездейді-ау деймін. Мен теледидардан жемқорлардың жазасын алып жатқанын естігенде: «Обалы жоқ, бұлардан үлгі атуға болмайды»-деп ойлаймын. Ойымды қорытындылай келе былай демекпін:


Жемқор болма ағайын, Жаза алдың талайын.

Жаман әдет жайлаған, Үлгі қалай алайын.

Халықпенен бірге бол, Бөлінсең егер сорың мол.

Сүйе білу халықты Әр адамға тура жол!

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес баршамызға ортақ іс»



№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубы туралы Ережесі

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының антты:

«Адал Ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:

Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Өз отанымды, тілімді қастерлеуге;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге құштар болуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Абройлы, адал, әділетті болуға;

Өз бойымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстануға және оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға. Отанымға шексіз қызмет етуге өз үлесімді қосуға салтанатты түрде ант етемін.

«Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клуб мүшелерінің құрамы болуы шарт:

Клуб жетекшісі;

Клуб басшысы;

Клуб мүшелері секция жетекшілері-

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі
3. Мәдени көпшілік іс-шаралар секциясының жетекшісі болуы тиіс.

Аудандық «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының логотиптері болуы тиіс:

- клубтың Туы;
- клубтың төсбелгісі;
- клубтың шарфы болады

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің мақсаттары мен міндеттері

4.1 Азаматтардың заңды мүдделері мен еркіндіктерін, құқықтарын сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамасыз ету.

4.2 Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жол бермеу жөніндегі нормативтік –құқықтық базаны жетілдіру.

4.3Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттердің формаларын, әдістері мен құралдарын оңтайландыру.

4.5Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында халықаралық ынтымақтастығын кеңейту және жандандыру.

«Сыбайлас жемқорлықпен күрес заман талабы»

Сыбайлас жемқорлықты елде орыналып отырған жалпы саяси, әлеуметтік және экономикалық проблемалардың салдары деуге болады. Ол, әдетте, қоғамның жаңару кезеңінде бой көтереді. Ал, ондай кезеңді бастан кешіріп отырғанымыз рас.

Сыбайлас жемқорлықпен күрестің батыл шараларын қабылдама саяси қылмыс, экономикалық және әлеуметтік проблемадан саяси проблемаға айналып, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіруі мүмкін.

Президент Н.Назарбаев Қазақстанның әлемнің ең бәсекеге қауіпті 50 елдің қатарына ену бағдарламасын ұсынды, ондасыбайлас жемқорлықпен күрестің жалпы ұлттық бағдарламасын дәйекті түрде жүзеге асыру керектігіне баса назар аударды.

2015 жылғы 18 қараша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы №410-V ҚРЗ

Рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде
сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті «АДАЛ ҰРПАҚ» клубына
кабылдау сценарийі

Өтетін уақыты:

Қатысушылар: Мектеп оқушылары , мұғалімдер

Жүргізуші: Қайырлы күн , құрметті қонақтар, қымбатты достар! Рухани –
адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетті «АДАЛ ҰРПАҚ» клубына кабылдау
салтанатына қош келдіңіздер.

Жүргізуші: Қазақстаннан күннен – күнге өркендеп, гүлденуде. Біз осындай
елге туганымызға бақыттымыз. Бүгін оқушылар, ұстаздар құрметті қонақтар
оқушыларымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті «АДАЛ
ҰРПАҚ» клубына кабылдау рәсіміне куә болып отыр.

Жүргізуші: Мектеп Түзел,Тік тұр! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік
туы кіргізілсін!

(Салтанатты марш ырғағымен)

Жүргізуші: ҚР мемлекеттік әнұраны!

Жүргізуші:

«Адал ұрпақ» - шыншыл патриот

«Адал ұрпақ» - нағыз топжарған

«Адал ұрпақ» - қоғамға қызмет етеді

«Адал ұрпақ» - жауапты азамат

«Адал ұрпақ» - сенімді дос

Жүргізуші: «Адал ұрпақ» ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың
адамгершілік және азаматтық – патриоттық салада тәрбиелеу, сыбайлас
жемқорлыққа қарсы қоғамдық, әлеуметтік , танымдық және шығармашылық
кабілеттерін дамыту. Ал міндеттері – әлеуметтік тәжірибені байыту және
дамыту, мектептегі тәрбиелік әулетін жүзеге асыру болып табылады.

Жүргізуші:

Елімнің атын айтсам – Қазақстан,

Жерімнің атын айтсам – Қазақстан,

Қойнауы қазынана толған мекен,

Байлығымның атын айтсам – Қазақстан.
Қазақстан – ұлт атын ұлықты еткен,
Ұлылардың армын биік еткен.
Өзге де ұлт, ұлысқа қоныс болып,
Оларға да жақсылық үйін төккен.
«Қазақстаным» әні орындайтын Сапарбек Ару

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, сіздерді «Адал ұрпақ» клубының ережесімен таныстырып отсек (ереже оқылатын)

Жүргізуші: ережемен таныстық, келесі кезекті қыздарымыздың арнайы дайындаған **«Көкке өрле»** флеш мобына береміз.

Жүргізуші:

Біз Отанның Ұланы,
Жер қайысқан қалың қол.
Тәуелсіз ел ұланы,
Ант беруге дайын бол!
8 сынып оқушысы ант береді:

АНТЫ

Мен _____ **«АДАЛ ҰРПАҚ»**
клубының қатарына кіре отырып,
Отанымды жақсы көруге және Қазақстан халқына адал болуға,
өз елімнің тарихын, мәдениеті мен тілін білуге,
өз елімнің заңдарын құрметтеп сақтауға және оларды басқалардың
бұзуына жол бермеуге,
ұстаздар мен сыныптастарымды сыйлауға,
адамгершілік, әдептілік, мәдениеттілік қасиетін сақтауға,
білім алуда жалықтауға және үнемі өз білімінің деңгейін арттыруға,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға және Отанға шексіз қызмет етуге
«АДАЛ ҰРПАҚ» клубы ережелерін бұлжытпай орындауға және сақтауға
салтанатты түрде
қалған мүшелері **АНТ ЕТЕМІЗ! АНТ ЕТЕМІЗ! АНТ ЕТЕМІЗ!** деп айтады.

Жүргізуші: Келесі кезекті мектеп оқушыларының сыбайлас жемқорлық пен
напакорлыққа қарсы ұйымдастырған қысқаша көріністерін тамашалайық

Жүргізуші: ән орындайтын Тәжібай А

Жүргізуші: Құттықтау сөзді мектеп директоры К. Ораловаға береміз.

Жүргізуші: Рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті «АДАЛ ҰРПАҚ» клубына қабылдау салтанаты осымен өз мәресіне жетті. Сау болыңыздар! Кездескенше!

**Рухани – адамгершілік және азаматтық – патриоттық тәрбиелеу
контексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті
«АДАЛ ҰРПАҚ» клубының**

АНТЫ

Мен _____ **«АДАЛ ҰРПАҚ»**
клубының қатарына кіре отырып,
Отанымды жақсы көруге және Қазақстан халқына адал болуға,
өз елімнің тарихын, мәдениеті мен тілін білуге,
өз елімнің заңдарын құрметтеп сақтауға және оларды басқалардың
бұзуына жол бермеуге,
ұстаздар мен сыныптастарымды сыйлауға,
адамгершілік, әдептілік, мәдениеттілік қасиетін сақтауға,
білім алуда жалықпауға және үнемі өз білімінің деңгейін арттыруға,
сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға және Отанға шексіз қызмет етуге
«АДАЛ ҰРПАҚ» клубы ережелерін бұлжытпай орындауға және сақтауға
салтанатты түрде

АНТ ЕТЕМІН! АНТ ЕТЕМІН! АНТ ЕТЕМІН!

№19 Б. Майлин атындағы жалпы білім беретін орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**Рухани – адамгершілік және азаматтық –
патриоттық тәрбиелеу контексінде сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мәдениетті
«АДАЛ ҰРПАҚ» клубына қабылдау
сценарийі**

2021-2022 оқу жылы

**№19 Б. Майлин атындағы жалпы орта білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**«Адал ұрпақ» ерікті мектеп
клубының 2021-2022 оқу жылында
атқарылған жұмыстар**

2021-2022 оқу жылы

«Қазақстан – құқықтық мемлекет» тақырыбында айлық

«Қазақстан – құқықтық мемлекет» тақырыбында айлықтық өткізілуі.

«№19 Б. Майлин атындағы жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы 09.11.2021-07.12.2021 аралығында «Қазақстан – құқықтық мемлекет» тақырыбында айлықтық өткізілуі туралы

07.11.2021ж Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қ. Налиев пен М. Бижигитова сыбайлас жемқорлыққа қарсы 09.11-07.12 аралығында «Қазақстан – құқықтық мемлекет» тақырыбында айлықтың жоспарын құрып бекітті. Өткізілген айлықтың мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру. Ой-өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту. Оқушылардың бойына құқықтық, патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру.

Тарих пән мұғалімдері «Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырып өткізді. Ұйымдастырылған дөңгелек үстелдің мақсаты: оқушыларға құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғам жайлы жана тақырыпты меңгеру. Оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

9-сыныптар арасында «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ іс» тақырыбында пікірталас ұйымдастырып өткізді.

6 «А» сынып жетекшісі «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында интеллектуалды ойын ұйымдастырып өткізді. Интеллектуалды ойын сабағының мақсаты: «Сыбайлас - жемқорлық» деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүние танымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту. Өз мемлекеттеріне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу. Патриоттық тәрбие қалыптасады. Интеллектуалды ойын пікірталас, сұрақ – жауап, видеоролик әдістерімен ұйымдастырылды. Оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беріліп, слайдпен жемқорлыққа байланысты мысалдар

келтірілді. Интеллектуалды ойынды «Литмонтаж» арқылы бағалады.

11-сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында сайыс сабағын ұйымдастырып өткізді. Сайыс сабағының мақсаты: сыбайлас жемқорлық туралы түсінік беру. Заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу. Оқушылардың өз құқықтарын қорғай білуге үйрету. Патриоттық тәрбиеге баулау.

5 «а», «ә» сынып жетекшілері «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында әңгіме сабағын ұйымдастырып өткізді.

Ал бастауыш сынып оқушылары арасында «Жемқорлықпен күресу» тақырыбында тәрбие сағат ұйымдастырып өткізді.

«Заң барлығына ортақ» тақырыбында өнеге сағаттары ұйымдастырып өткізді.

Сонымен қатар, 9 сынып оқушылары арасында «Адамгершілік адамның жоғары қасиеті» тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырып өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушы бойына кішіпейілдік, мейрімділік, ізеттілік, сабырлылық қасиеттерін қалыптастыру. Тәрбие сағат сыныптарды топқа бөліп сөйлемдерді жалғастыру, видео, құпия хаттарға жауап, сұрақ беру, постер құрау, рефлексия бөлімдерімен ұйымдастырылып өткізілді. Тәрбие сағатқа оқушылар белсене қатысты.

Тәлімгер:

Т. Имамбердиев

Мемлекеттік қызмет көрсету» іскерлік ойыны

Сынып: 5-8 сынып

Күні: 24.11.2021 ж

Мақсаты: Оқушыларды электронды мемлекеттік қызмет көрсету жүйесімен таныстыру.

Міндеттері:

Мемлекеттік қызмет көрсету туралы ұғым қалыптастыру. · Әкімшілік регламент ұғымымен таныстыру. · Электронды мемлекеттік қызмет көрсету технологиясымен таныстыру.

Барысы:

• Мемлекеттік қызмет туралы түсінік беру.

Мемлекеттік қызмет - азаматтардың мемлекеттік органдар мен оның аппараттарындағы кәсіптік қызметі. Мемлекеттік қызмет әрқашан да мемлекет қаражат қорынан қаржыландырылады, мемлекеттік қызметшілердің еңбекақысы мен жолсапар шығындары бюджеттен өтеледі және қажет болған жағдайда арнайы баспанаға, ғимаратқа орналастырылып, өздеріне жүктелген өкілеттілікті атқаруға қажетті арнаулы керек-жарақпен жабдықталады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметкердің айрықша мәртебесі болады.

Қызмет мерзімі ішінде мемлекеттік қызметшілерге өз өкілеттігін жүзеге асыруға керекті міндеттер мен арнайы құқықтардан бөлек әлеуметтік артықшылықтар мен жеңілдіктер беріледі. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясының 21-бабында әрбір адамның өз елін басқаруға қатысуға құқы танылған. ҚР сол декларацияға қосылушы мемлекет ретінде өзінің әрбір азаматының Мемлекеттік қызметке кіруге деген тең құқығын Конституцияда белгіледі. Мемлекеттік қызметке үміткерге қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына қарай әртүрлі болады.

Соған орай азаматтың Мемлекеттік қызметке кіруіне кедергі болатын негіздер де заңдарда көрсетіледі. Басты негізге азаматтың

қасақана қылмыс үшін сотталғандығы жатады. Шет ел азаматтарының ҚР-ның Мемлекеттік қызметіне кіруіне құқы жоқ. Конституцияға сәйкес, мемлекеттік қызметкердің жасы 60-тан, ерекше жағдайларда 65-тен аспауы тиіс екендігі көрсетілген. ҚР-да Мемлекеттік қызмет жүйесін саяси әкімшілік болып екі санатқа бөлінген лауазымдар құрайды. Саяси лауазымға мемлекеттік саясатқа ықпалды жоғары лауазымдар жатады, қалған лауазымдар әкімшілік санатта одан әрі жіктеледі.

- **Әкімшілік регламент ұғымымен таныстыру және әкімшілік рәсімдер заңы шағын түсінік беру.**

- **Электронды қызмет көрсету технологиясы.**

Электрондық үкіметті қалыптастырудың бірінші кезеңі – ақпараттарды жариялау және тарату. Екінші кезеңінде - мемлекеттік органдар мен азаматтардың өзара қарым-қатынасына тікелей және қайтармалы жолды интерактивті қызмет ұсынады. Үшінші кезеңі - қаржылық және заң операцияларын үкіметтік порталдар арқылы жүзеге асыру жолымен транзакциялық қызмет көрсету. Төртінші кезеңі - ақпараттық қоғамды толық қалыптастыру.

- **Сіздер электронды мемлекеттік қызмет көрсету жүйесі туралы не білдіңдер?** Бұл қызмет қалай көрсетіледі? Барлық оқушылар өз ойларын ортаға салғаннан кейін, «мемлекеттік қызмет» ұғымына анықтама беріп, кейбір мемлекеттік қызметтерге назар аударылды. Содан кейін қатысушыларға келесі тапсырмалар берілді: · Мемлекеттік қызмет көрсету порталын табу (<http://www.egov.kz/>). · Осы порталда электронды түрде қызмет туралы барлық ақпаратты табу. · Диалогты түрде іскерлік ойынның қорытындысын жасау.

Осымен іскерлік ойынымыз аяқталды. Сау – саламатта болыңыздар!

Төребеков Д - информатика пәнінің мұғалімі



№19 Б. Майлин атындағы жаны орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Қызды қырық үйден тыю» отырысының

Хаттамасы

09.02.2021 ж.

Қатысқандар:

Сағ.10.00

№19 Б. Майлин

Акт залы

Күн тәртібі

1. Қыздың жеке бас гигиенасы
2. Ерте жүктіліктің алдын алу

Атап аны тақырыптар бойынша мектебіміздің медбикесі түсіндірме жұмыстарын 8-11 сынып қыздар арасында жүргізді.

1. Қыздың жеке бас гигиенасы дегеніміз тазалық және мұнтаздық – адам үшін өте маңызды. Бұл өзінді қоғам алдында көрсету мүмкіндігі және аурудың алдын алу құралы. Мектепте және үйде тазалық сақтау туралы түсіндірді.
2. Ерте жастағы жүктіліктің алдын алу. Оқушы қыздар арасында «Ерте жүктіліктің ертеңі қандай?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді және жүктіліктен қалай сақтануға болады. оны болдырмаудың жолдары туралы, ерте жүктіліктің жақсылыққа әкелмейтінін айтып жеткізді. Осы жұмыстың төңірегінде орта мен жоғары сынып қыздарының арасында сауалнама жүргіздік. Тазалықты сақтаудың алғашқы шарттарын, 10-12 жаста етеккір келетінін, етеккір келгенде не істеу керектігін, жеке бас гигиеналарын дұрыс сақтауды айтып түсіндірдік.

Шешім:

1. Жеке гигиена жұмысы ;
2. Оқушылар арасында нашакорлыққа жол берілмесін;

Төраға:

Т. Имамбердиев

Хатшы:

А. Есіркеп

**№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

К.Оралова



«Келісемін»

Тәрбие ісі ж/а

Қ.Налиев

Ерте жүктіліктің алдын алу

Сынып:9-11

Медбике: Р.Мамашова

2020-2021 оқу жылы

№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебінің 9-11 сыныптар аралығында «Құқық бұзушылықтың және ерте жүктіліктің алдын алу туралы» жиналыс болып өтті. Жиналыстың мақсаты жас жеткіншектер арасында ерте жүктілікті болдырмау үшін сол жайлы ақпараттар беру, сабақтар өткізу, лекциялар оқу.

Жиналыста дәріс оқығандар:

Қыздар кеңесінің төрайымы: А.Смайлова, А. Мекебаева

Мектеп медбикесі: Р. Мамашова

Ерте жүктілік деген не?

Ерте жүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қызбалаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейінгі жүктілікті ерте жүктілік деп санайды.

1-сұрақ Қыз бала неше жаста гинекологқа көрінуі тиіс? 10-11 жаста етеккір келуі жүреді, ол кезде гинеколог емес психологиялық тұрғыдан түсіндіреді. 13-14 жастағы жас өспірімдер дәрігеріне анасымен бірге профилактикалық тексерулер жүргізіледі. Шағымдары болса анализдер алынады.

2-сұрақ Жасанды түсік жасатқан соң қыз баланың ағзасы қандай зардап шегеді? 17-18 жас аралығында жасатқан қыздар ана болу бақытынын айырылады және воспаление көп болады яғни мерзімінен ерте босану 9 айға жетпей босану.

3-сұрақ Қыздың тәрбиесімен кімдер және қалай айналысуы тиіс? Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуы. Қыздарға жыныстық тәрбие сағаттары көп өткізілмейді

Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек.
Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу.
Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе Оның салдарын білуі керек.

Ерте жүктілік немен қауіпті?

Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді-
Жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады.
Бұның қиындығы жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық анемия токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар
Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі-
проблемадан сақтану. жоспарланбаған жүктіліктің сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек
Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайынба?
Баланы көтеріп өмірге әкеле ала ма?
Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек.

«№19Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

№ 53

19.02.21

«Құқықбұзушылық пен қылмыстың,
ерте жүктіліктің алдын алу туралы»

Республика, облыс, аудан көлемінде түрлі құқықбұзушылық пен қылмыстың,
ерте жүктіліктің алдын алуына байланысты кәметлетке толмағандар мен
жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің
алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәметлетке толмағандар мен жасөспірімдер арасында
құқықбұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің алдын алу
мақсатында 8-11 сынып қыздарына «Дәрігерлік сабақ» өткізіп, ерте
жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.
2. Дәрігерлік сабақты өту мектеп медбикесі Р.Мамашеваға,
құқықбұзушылық пен қылмыстың, ерте жүктіліктің алдын алу
бойынша түсіндіру жұмыстары сынып жетекшілері мен «Қыздар
кеңесінің» төрайымы А.Мекебаеваға және ұйымдастырушы педагог
С.Алимбековаға жүктелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары Қ.Налиевке жүктелсін.

Мектеп директоры:



К.Оралова



«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы мектепшілік акцияның

Сценарийі

Отiлетiн орны: Тарих кабинетi

Отiлетiн күнi: 15.01.2021ж.

Басталуы сағаты: 11:00 – де

Графaпроекторла «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар туралы деректерден («Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» дөңгелек үстел, слайдтар) көрсетіледі.

1) Сахнаға Ибрагiм Лаура «Қазақ елі» биімен шығады.

Фанфар. Жүргізуші:

Егеменді өсер елде тұрам Мен,

Білдіремін сезімді жыр - әнмен.

Жолыменен Елбасының жүрейік,

«Жемқорлыққа жол жоқ»- деген ұранмен.

Қайырлы күн, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 – жылдығына тұспа – тұс келіп отырған **«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру»** тақырыбындағы аудандық акциямыздың құрметті қонақтары мен қатысушылары. Қош келдіңіздер!

Өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Ордабасы аудандық және білім мекемелерінде оқушылардың «Адал ұрпақ» ерікті клубтары ашылуда.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мақсаты:

Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын нығайту, білім және мәдени деңгейін арттыру.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының міндеттері:

Рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуге бағытталған шараларды іске асыру, саяси-құқықтық білімді қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез – құлқының адамгершілік – этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

Жүргізуші:

Егеменді азат елде тұрам мен,

Білдірейін сезімді ұранмен,

Жолыменен Елбасының жүрейік.

«Жемқорлыққа жол жоқ» деген ұранмен – дей отырып, акциямызды ашып беру үшін Шұбарсу ауылы әкімі А.Абдрахимовке сөз кезегін берсек.

«Адал және сатылмайтын еңбек» атты мектепшілік жас суретшілер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсіміне кезек берсек.

Жүргізуші:

Мектебіміздің директоры Оралова Камила апайға сөз кезегін берсек.

«Сыбайлас жемқорлық қогам дерті» атты эссе байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі беріледі.

Жүргізуші:

Мектебіміздің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Каненова Саулеге сөз кезегін берсек.

«Мемлекеттік қызмет-елдің мүдесіне адал еңбек» атты шығармалар байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі беріледі.

Жүргізуші: Марапаттарыңыз құтты болсын, жеңімпаздар!

Сахна төрінде Қорғанбай Ақниет «Қазақтай ел қайда» әнімен.

Аудандық **«Адал ұрпақ»** ерікті мектеп клуб мүшелерімен және логотиптерімен таныс болыңыздар (сахнаға барлық мүшелер логотиптерін алып шығады).

Клуб жетекшісі: Мектебіміздің тәлімгері Имамбердиев Талғат

Клуб басшысы: 10 «А» сынып оқушысы Есіркеп Айнұр

Клуб мүшелері секция жетекшілері:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім секциясының жетекшісі Алдабек Ұ 10 сынып оқушысы

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық секциясының жетекшісі 10 сынып оқушысы Нұрқұл А

Жүргізуші:

9 сынып оқушысы **«Адал ұрпақ»** өлеңімен.

Жүргізуші:

Құметті қонақтар! Енді ант қабылдау рәсіміне кезек берсек. **«Адал ұрпақ»** еріктілер қатарына қабылдау үшін мектебіміздің үздіктерінен құралған оқушыларды сахнаға шақырамыз.

«Адал ұрпақ» еріктілер клубының анты:

«Адал Ұрпақ» еріктілер қатарына қабылдана отырып:

Қазақстан Республикасының патриоты болуға;

Отанымды, тілімді қастерлеуге;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге;

Білімге құштар болуға;

Салауатты өмір салтын ұстануға;

Абройлы, адал, әділетті болуға;

Өз бойымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстануға және оны өз достарымнан талап етуге, мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға. Отанымға шексіз қызмет етуге өз үлесімді қосуға салтанатты түрде ант етемін.

Ант етемін. Ант етемін. Ант етемін.

«Адал ұрпақ» еріктілер қатарын қабылдап, төсбелгі тағу рәсімі қонақтарға беріледі.

Жүргізуші:

Сахна төрінде «Жаса Қазақстан» әнімен

Жүргізуші: Елбасымыз қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Ол жол-Президентіміз Қасымжомарт Тоқаев бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы. Сондықтан, сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтарының азаматтық борышы деп білеміз. Біздің «Адал ұрпақ» ерікті клубы жемқорлықтың жолын кесіп, байтақ қазақ елінің гүлденуіне, шарықтауына өз үлесін қосады деп сенім білдіреміз.

Осымен бүгінгі «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру» тақырыбындағы мектепшілік акциямыз өз мәресіне жетті.

Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!

Түркістан облысы Келес ауданы
№ 19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі КММ.

Тәрбие сағаты

Жемқорлыққа жол жоқ

11 «ә» сынып

Сынып жетекшісі: Жораев Н

Тақырыбы: Жемқорлыққа жол жоқ !

Мақсаты:

1. Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыру; «жемқорлық» деген не екенін түсіндіру;
2. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттері дамиды; дүниетанымдары кеңейеді;
3. Патриоттық тәрбие қалыптасады;

Түрі: Дөңгелек үстел

дөңгелек үстелдің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.
2. Оңтүстік сұрағы

(Бір парақ қағазға Адам құқығы тақырыбына топтағы әр оқушы бір сөйлемнен жазады.)

- 3). Жемқорлық дегеніміз не? Түсінік қалыптастыру

Баяндама жасау.

- 4) 1998 жылғы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

СЫБАЙЛАС-ЖЕМҚОРЛЫҚ ДЕГЕН НЕ, ОНЫМЕН КҮРЕС ҚАҒИДАЛАРЫ

“Сыбайлас-жемқорлық” деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны “параға сатып алу”, “пара” ретінде, “corruptio” деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ “corruptio” түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “... мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ оларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Бұл қағиданың сақталуының кепілі азаматтардың өздерінің белсенділігі болып табылады, сыбайлас-жемқорлық үдерістерді бұқаралық ақпараттық құралда (одан әрі БАҚ) жариялау, бұқара өкілдерінің сот үдерістерінде болуы; өтініштерді прокуратураға, экономикалық және сыбайлас-жемқорлық қылмыспен күрес жөніндегі Агенттікке және басқа құқық қорғау органдарына беру. Қазіргі таңда ҚР Президентінің 2005 жылғы 23 желтоқсандағы Жарлығымен бекітілген 2006-2010 жылдарға арналған сыбайлас-жемқорлықпен күрес бойынша Мемлекеттік бағдарламаға сәйкес, мемлекеттік органдар қабылдаған шешімдердің ақпараттық мәлдірлігін қамтамасыз ету, мемлекеттік басқару органдарының рұқсат ету және әкімшілік құзыреттерін оңтайландыру, сондай-ақ мемлекеттік сатып алудың электронды жүйесіне көшу негізінде мемлекеттік сатып алу жүйесін реформалау. Бағдарламада ерекше көңіл азаматтық қоғам ұйымдарын сыбайлас-жемқорлыққа қарсы қызметке тартуға, құқықтық сана мен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға бөлінеді. Нормативтік құқықтық актілерді сыбайлас-жемқорлыққа қарсы сараптаудың пәрменді тәсілін енгізу, бюджеттік қаражаттың жұмсалудың қоғамдық бақылау жүйесін құру, жеке рұқсат беру міндеттерін азаматтық қоғам институттарына беру, ақшалай қаражаттың қолма-қол айналымын мейлінше көбірек қысқарту бойынша шаралар енгізу, заңға қайшы жолмен ақшалай қаражатты заңдастыруға қарсы іс-әрекет жасау қарастырылған Заңға сәйкес аталған қағидаларға мыналар жатады: - мемлекеттік функцияларды орындау...

өкілетті;

- лауазымды, сондай-ақ олардың қатарына жататын басқа адамдардың құқықтарын және еркіндігін ҚР Конституциясының 39 бабы 1 тармағына сәйкес шектеу, жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықтың жаңды салдарын жою және алдын алу -сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықпен күреске ықпал жасайтын азаматтардың жеке қауіпсіздігін, кәсіпкерлік қызметке бақылау жасайтын жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік реттеу өкілеттігін беруді болдырмау.

Сыбайлас-жемқорлық әсіресе мемлекеттік билік органдарында қауіпті. Мұндай жағдайда ол биліктің монополиясын, мемлекеттік қызметшілердің шешім қабылдау өкілеттігін күшейтеді және шенеуніктердің қатал құқықтық есеп беруін және бақылауды болып жою симбиозын көрсетіп-білдіреді. Практика көрсеткендей, сыбайлас-жемқорлық мемлекеттік жүенің барлығын бұзды, мемлекеттік билік беделінің және мемлекеттік қызмет абыройының құлдырауына ықпал етеді. **Сыбайлас-жемқорлық** экономиканың дамуына кедергі жасайды және ұйымдастырылған қылмыстың, әсіресе экономика саласында, өсуіне ықпал жасайды. Сыбайлас-жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, болдырмау, алдын алу және өз құзыреті шеңберінде оларды жасаған адамдарды жауапқа тарту прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық, кеден және шекара қызметі, қаржы және әскери полиция органдарымен жүзеге асырылады. Аталмыш органдардың лауазымды адамдары заңнама белгілеген мерзімдік материал, хаттама жіберген адамға немесе органға жазбаша сыбайлас-жемқорлық қылмыс, әкімшілік құқық бұзушылық туралы көрсетіп-білдіру жіберуге, оларды қарағанның нәтижелеру туралы хабарлауға тиіс.

Заңға сәйкес бұл органдар олардың құзырынан шығатын шаралар қабылдауға және жауапты мемлекеттік лауазымда отырған адамдардың жасаған сыбайлас-жемқорлық қылмысын анықтаған әр оқиға туралы құқық статистикасы және ақпарат органдарына дереу мәліметтер жіберуге міндетті.

Оқырмандарымызды заңгер студі мақсат етпей, дегенмен толық түсіну үшін қарапайым құқық бұзушылық пен сыбайлас-жемқорлық қылмыстың айырмашылығын түсіндірген пайдалы деп есептейміз. Оның үстіне кез-келген кәсіпкерге штаттық заңгер ұстауға және қорғаушының қызмет көрсетуін төлеуге мүмкіншілігі бар. Сыбайлас-жемқорлық кінәсі тағылған шенеулік қарсы іс-әрекет жасауы мүмкін, сондықтан өз заңдылығын мойындату үшін заң жағынан нық болған дұрыс.

Сонымен қатар, салық басқармасының ғимаратында, есептілік қабылдайтын Орталықта қызметкерлерге бақылау жасау үшін бейне жазбалар түсірілетін камералар және ұсыныстар мен шағымдарға арналған кітапшалар мен жәшіктер орналастырылған.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қызметші және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыта пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

1998 жылғы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды да, лексикалық қорымыға «сыбайлас жемқорлық»

(коррупция) деген сөз тіркесі енді. Бұл қазір бұқаралық ақпарат құралдарынан түспейтін болды.

«Коррупцияның» латын сөзінен шыққанын белгілі. Ол лауазым иелерінің, қоғам және саяси қайраткерлердің параға сатылғыштығы деген мағынада сөзімізде көптен қалыптасқан.


Жемқорлыққа мыналар жата ма?

1. Мұғалімге мерекелерде гүл шоқтарын сыйлау жемқорлыққа жатады ма?
2. Емделіп болған науқас дәрігерге өзінің алғысын белгілі - бір сыйлықты (гүл, сағат, портрет.....) сыйласа жемқорлыққа жатады ма?
3. Жоғарғы оқу орындарында білім алушылар, емтихан уақытында оқытушыларына үстел жасаса, бағалы сыйлық әперсе, жемқорлыққа жатады ма?
4. Қала ішіндегі автобустардың кейбіреулері тендер ұтып алады да, қала ішінде жолаушыларды тасымалдау барысында көптеген қателіктер жасап жатады. Мысалға автобусты адамдарды санынан артық отырғызу, аялдамасы жоқ жерлерде тоқтап, адамдарды үсті - үстіне алу жемқорлыққа жата ма? (шофер, басқарушы директор, инженер арасындағы сыбайластық жемқорлықты көрсету)

«Шелектің бетін жалағандар тұтылады, түбін жалаған тұтылады» деген мақалдың осыған қатысты екенін дәлелдеу.

23/12/ 2019 жылы 10 «а» сыныбында «Жемқорлыққа жол жоқ!» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушыларға адам құқықтары жайлы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Сыбайлас жемқорлық, паракорлық» сөздерінің мағынасы мен Сыбайлас-жемқорлық, әсіресе, мемлекеттік билік органдарында, экономика және қауіпті не екенін түсіндіру.

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамды және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар екендігі сабақ презентация арқылы әңгіме –сұхбат түрінде өткізілді. Жалпы тәрбие сағатында оқушылар өз құқықтарымен және сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілермен танысты.



Түркістан облысы Келес ауданы
№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектебі КММ

Тәрбие сабағы тақырбы:

Жемқорлыққа жол жоқ.

11 «А» сынып

Сынып жетекшісі: Смайлова А

1-жүргізуші:

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

2-жүргізуші: Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданған.

ҚР 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылданды.

Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік құқықтық актілерде қабылданды оларға «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары жатады.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстар жаасағаны үшін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқықтық бұзушылықтар үшін әртүрлі жазалар қарастырылған.

1-жүргізуші: ҚР КК 361 бабына сәйкес Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдаланғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдардан атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылып, 2000 АЕК айыппұл төлеу, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу немесе шектеу жазалары қолданылады.

2-жүргізуші: ҚР КК 366 бабына сәйкес Пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдардан атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 50 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айрылу жазалары қолданылады.

1-жүргізуші: Келесі сөзді жақтаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

1 оң қанат- жақтаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол қанат- даттаушылар (аргументтерін келтіреді)

Келесі тапсырма: жағдаят шешу

Азамат Б. Абай Мырзахметов атындағы университетінің 4 курс студенті. Оқу жылы аяқталуда, алда 8 пәннен мемлекеттік емтихан тапсыруы қажет. Оның ата-анасы оқу үлгерімінің нашар екенінен хабарсыз. Баласының жоғарғы оқу орнын аяқтап, диплом алып, болашақта үлкен маман несі болатынына сенімді, үлкен үміт күтеді. Ол емтихандан 2 рет құлағаннан

кейін, Университеттің бірнеше оқытушысының әр қайсысына 30 мың теңгеден пара береді.

1. Азамат Б. әрекеті дұрыс па не бұрыс па?

2. Мұндай жағдайда оқытушылардың іс-әрекеті дұрыс па не бұрыс па?

3. Азамат Б. біреуге пара бергені үшін жауапқа тартуға болады ма? Иә болады. Жоқ болмайды.

(Топтар талқыға салады)

2-жүргізуші: ҚР ҚК 367 бабына сәйкес Пара бергені үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 20 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылу жазалары қолданылады.

1-жүргізуші: ҚР ҚК 368 бабына сәйкес Паракорлыққа делдал болғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойынан айрылып, параның 10 еселенген мөлшерінде айыппұл салынып, не 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылу жазалары қолданылады.

«Ой жалғау»

1. Заңның құрығы ... (бәрінен ұзын)

2. Өш алғаннан гөрі ... (кешірген жөн)

3. Ақырын жүріп ... (анық бас)

4. Асыл тастан ... (өнер жастан)

5. Тура биде... (туған жоқ)

6. Хан болсын, ханға лайық ... (Зан болсын)

7. Батыр болсын, жорық жолы... (мақұл болсын)

1. Ұрлық түбі ... (қорлық)

2. Жазасын тартпайтын ... (жамандық жоқ)

3. Әдепті бала ... (арлы бала)

4. Тәрбие ... (отбасынан басталады)

5. Әділ істің... (арты
игі)

6. Абыз болсын, абыз сайлау... (парыз болсын)

7. Би болсын, би түсетін... (үй болсын)

2-жүргізуші: Келесі сөзді жақтаушы және даттаушы топтардың мүшелеріне берейік.

1 оң қанат- жақтаушылар (аргументтерін келтіреді)

2 сол қанат-даттаушылар (аргументтерін келтіреді)

Литмонтаж

1-оқушы

Жамандыққа тосқауылды қояйық, Пара алғанның жолы жабыққой анық,
«Қазақстан-2050»-айқын жол, Күресейік, жемқорлықты жояйық.

2-оқушы

Әр ата-ана өнеге берсін балаға,

Тәрбиесіз шөк жұлдыздың жанама,
Адалдыққа, даналыққа үйретсен,
Жолдан таймас ар болған соң санада.

3-оқушы

Пара алғандар темір тордан әрі асар,
Алса да оны мойындамай санасар,
Беделі кетіп, қайыры қашып ортадан,
Мәнді өмірі енді қайтіп жарасар.

4-оқушы

Қазақ елі байтақ болсын десеніз,
Жемқорлықтың жолын бірге кесеміз,
Сонда ғана жер гүлденер, ел байып,
Сонда ғана шарықтаймыз, өсеміз.

5-оқушы

Егеменді өсер елде тұрам Мен,
Білдіремін сезімімді жыр-әнмен.
Жолыменен Елбасының жүрейік,

Сабакты қортындылау: **М.Турапбаева**

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, барша әлемге танылдық, мемлекетіміздің тамыры тереңге тарап, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданды, ел экономиясы мен әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнымызды айқындадық. Қоғам дамуының жаңа жолын тандап, уақыттан туындаған әр түрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойдық. Ол жол – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен алға қойылған сыбайлас жемқорлықпен күрес жолы.

Құрметті оқушылар әрқашанда адамдық жақсы қасиеттерді сақтап, мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншіліктерімізді пайдалануға тырысайық .
Патриоттық ән . Атамекен орындалады.